«Қарттарым – асыл қазынам» тақырыбындағы іс-шараны қорытындылау.

**Тыңдалды:**

1-қазан Халықаралық қарттар күні мерекесіне орай «Қарттарым – асыл қазынам» тақырыбында мерекелік бағдарлама ұйымдастырылды. Мерекелік шараға ауыл биі қонаққа келді. Іс-шара барысында мектеп директоры Айдарханова Гульнар Каражановна ауданнан келген қонақтарды мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Мерекелік іс-шарада өнерлі оқушыларымыз жиналған қауымға әндерін, билерін, көріністерін және жыр шумақтарын арнап, көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

**Қаулы етеді:**

Іс-шара барысында оқушылар үлкенді сыйлау, өз ата-бабасын ұмытпай сақтау үшін және салт-дәстүрден нәр алып өсуіне, инабаттылыққа, жақсы мен жаманды ажырата білуге аталы сөзден ғибрат алуды үйренді.

**Хатшы:** [signature] **Усенбаева А.У.**

Сканировано с CamScanner

**№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде «Қарттар күні» мерекесіне орай ұйымдастырылған іс-шарадан көрініс**











Сканировано с CamScanner

№2 Ж. Жабаев атындағы
бастауыш мектебінде
«Ақылды қария,ағып жатқан дария»
тақырыбында өткен
эссе байқауының

# МӘЛІМЕТІ

28 қыркүйек күні мектебімізде қарттар мерекесіне орай «Ақылды қария, ағып жатқан дария» тақырыбында эссе жазу сайысы болып өтті.Сайыстың мақсаты:оқушылардың бойына үлкенді сыйлап тыңдай білуге,халқының салт-дәстүрінен нәр алуға, инабаттылық пен мейірімділікке тәрбиелеу. Сайысқа 2,3,4 сынып оқушылары қатыстырылды. Нәтижесінде: 3 «А» сынып оқушысы Абдулла Ақнұрдың эссесі үздік деп танылды.

Дайындаған: А.Болатбекова

Сканировано с CamScanner

Жиырма сегізінші қыркүйек

Эссе

Ақылды қария-ағып жатқан дария.

Халқымыздың тәлім-тәрбиесі ананың ақ сүтімен, әже өнегесімен, аталар ақылымен беріліп, сол арқылы ұлт тек келешек ұрпақ бойында өзіндік қасиетімізді қалыптастыруды көздегеніміз. Жас ұрпаққа әрқашан төзімділіктің, даналықтың үлгісі болып келетін қарияларымызбен мақтанамыз, марқаямыз. Ел мүддесін бәрінен биік қойып, ізінен ерген інілерінен ізеттілігін аямайтын, ұрпағына ұлағат ұялатып, бір қауымға бас-көз бола білген ауыл қарттарының орны ерекше, олай болса әр халықтың бойында ықылым заманнан бері қалыптасқан, оны өзгелерден даралап тұратын, тек өзіне ғана тән қасиеттері болады. Біздің халқымыздың сондай ерекшеліктерінің бірі-үлкенді сыйлау, оның сөзіне құлақ асу. Қазақ қарты жасына лайық аузы дуалы, сөзі берекелі, ісі тыңғылықты, ойы терең, ақылы телегей теңіз болып келеді. Міне осындай теңеуге лайық қарияларға жылына бір рет келетін 1 қазан Қарттар күнімен құттықтау үшін Алматы қаласы, Жетісу ауданы №177 жалпы білім беретін мектеп «Қариялар-сарқылмас дариялар» атты іс-шара мен тоғызқұмалақ, шашки, шахматтан турнир ұйымдастырды.

Сканировано с CamScanner

**Хаттама**

**Күн тәртібінде:** «Қарттарым аман жүрсінші»

**Қатысқандар:** «Жас Қыран» ұймы белсенділері

**Мерзімі : 27.09.2022**

Төрінен қарт кетпесін деп тілеген халықпыз. Жасы үлкенге құрмет ету, қарттың бүгілген беліне сүйеу болу- біздің ата дәстүріміз,Қай жерде де ата-анаға қызмет көрсетуге тиістілігіңді ұмыту әсте жарамайды.Қарт адамдардың үйретуге де, ақыл айтуға да моральдік құқы бар.

Кім де кімнің үйінде қартайып отырған әке шешесі және атасы мен әжесі секілді қымбатты «Қонағы» болса, ол үйіне олардың артық Құдайдың құрметті өкілі келеді деп ойламасын , егер үйдің иесі оларға дұрыс қарап , қамқорлық жасаса , қартайған ата-анасы оның отбасының құты болып табылады. Қарт кісіні құт-береке деп танысақ-ол ұрпақ көрегендігі. Ұрпағы құрметтеген ата-ана әр кезде де бақытты

Қәзіргі кезде біздің мемлекетімізде қарттарға үлкен мән беріп , көңіл аударып , жан-жақты үкімет тарапынан қамқорлық жасалуда. Қазақстанның өсіп-өркендеуіне , еліміздің бейбітшілік тыныш өмір кешуіне өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыздың арқасы деп есептейміз.Саналы ғұмырларын Отан деп, тынымсыз еңбектермен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдыңғы буын ата-әжелерімiздің еңбегі ерекше.Олардың өмір жолдары бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына. Қарттар-біздің асыл қазынамыз.Қазақтар – « Төріңнен қарт кетпесін» деп тілеген халық. Жасы үлкенге құрмет ету, қарттың бүгілген беліне сүйеу болу біздің ата дәстүріміз.
№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде 1 қазан- " Халықаралық карттар күніне" орай "Қарттарым аман жүрсінші" атты қарттардың үйіне барып құттықтау ұйымдастырылды.

Іс- шараның мақсаты: оқушылардың бойына үлкенді сыйлап,ұлттық салт-дәстүрін сақтауға, қарттардың сөздерінен ғибрат алуға тәрбиелеу.

Қарияларымызды құрметтеп, мектебіміздің "Жас Қыран" ұйым мүшелері Маханбетов көшесінде тұратын зейнеткер ұстаздар Жүзаева Дүйсенкүл апай және Тұрсынкүл апайларды құттықтап қайтты. Зейнеттегі ұстаздарға арнап өлеңдер оқып, құттықтау тілектерін арнады. Қарияларды ардақтау- біз үшін парыз. " Үлкенге - құрмет, кішіге -ізет" ете білген, бізге тағлымды жол көрсеткен аға ұрпақтың берген тәрбиесі мен тәлімі мол.

Қазыналы қарияларымызды қадірлейік!!!

**Мектеп тәлімгері: Д.Сарыбаева, Ж.Ермешова**

Сканировано с CamScanner

**«Қарттарым аман жүрсінші» тақырыбында қарттарды құттықтау**









Сканировано с CamScanner

№2 Ж.Жабаев атындағы
бастауыш мектебінде
«Қарттар асыл –қазынам»
тақырыбында ұйымдастырылған
іс-шараның

# Мәліметі

Мектебімізде 1 –қазан Халықаралық қарттар күніне, қарттарга көмек көрсету мақсатында «Қарттар асыл –қазынам» тақырыбында акция ұйымдастырылып ата-әженің үйіне барып сыйлық беріліп, көмектерін көрсетіп, балалар өз өнерлерін көрсетті. Оқушылардың бойына халқымыздың қадір-қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлау білуге, өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауга және аталы сөзден ғибрат алуга тәрбиелеу.

Әлеуметтік педагогтар: Камбаева Б
Жумагулова Ж

Сканировано с CamScanner









Сканировано с CamScanner

«Бекітемін»
Мектеп директоры:
_____________ Г.Айдарханова

**№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде 2022-2023 оқу жылында «Денсаулық күні» мерекесіне орай түзілген апталықтың іс-шара жоспары**

| № | Іс-шара мазмұны | Әдісі | Мерзімі | Орындаушы | Жауапты |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Дені саудың жаны сау» тақырыбында апталықтың ашылуы | жиын | 12.09.22ж | Ұйым.пед: А.Үсенбаева Тәлімгерлер: Ж.Ермешова М.Мамасерикова Дене шынықтыру пән мұғалімдері | ДТІЖО: Н.Есімхан М.Нурманова |
| 2 | «Денсаулық-зор байлық» | Эстафеталық жарыс | 13.09.22ж | Дене тәрбие пән мұғалімдері Танабай М. Абишев Ж. | ДТІЖО: Н.Есімхан М.Нурманова |
| 3 | «Тазалық-денсаулық кепілі» | Сынып сағаты | 14.09.22ж | 2-сынып пән мұғалімдері | ДТІЖО: Н.Есімхан М.Нурманова |
| 4 | «Салауатты өмір салтын сақтайық» | Флешмоб | 15.09.22ж | Дене тәрбие пән мұғалімдері Е.Дүйсенбекұлы Е.Төребеков | ДТІЖО: Н.Есімхан М.Нурманова |
| 4 | «Салауатты өмір-денсаулық кепілі» | Сурет байқауы | 14.09.22ж | ҚББП А.Болатбекова Үйірме жетекшілері | ДТІЖО: Н.Есімхан М.Нурманова |
| 5 | Апталықты қорытындылау. | Жиын | 15.09.22ж | Ұйым.пед: А.Үсенбаева Тәлімгерлер: Ж.Ермешова Д.Сарыбаева | ДТІЖО: Н.Есімхан М.Нурманова |

Дайындаған: ДТІЖО: Н.Есімхан
М.Нурманова

Сканировано с CamScanner

№2 Ж.Жабаев бастауыш мектебінде 2022-2023 оқу жылында өткізілген **«Денсаулық күні »** мерекесіне арналған іс-шаралар бойынша

## ХАТТАМА

Күні: 12-15 қыркүйек аралығы

Күн тәртібінде : **«Денсаулық күні »** мерекесі

**Мақсаты;** Оқушылардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қарастыру. Спортқа деген қызығушылығын арттыру.

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде 2022-2023 оқу жылында адами әлеуетті дамыту бөлімінің кезекті жоспарына сәйкес 12-15 қыркүйек аралығында өткізілетін «Денсаулық күні» атты жоспары бекітілді.

13.09.22ж дене шынықтыру пән мұғалімдері Ж. Абишев пен М.Танабай 3-сынып оқушылары арасында «Денсаулық-зор байлық» атты эстафеталық сайыс өтті. Сайыс барысында оқушылар «Денсаулық», «Тазалық», «Табиғат» топтарына бөлінді. Сайыс барысында шартымен 1.Таныстыру кезеңі (топтың аты, ұраны) 2. «Кім жүйрік» сайысы 3. «Ракеткамен шар алып жүру» 4. «Кенгру» сайысы 5. «Арқан тарту» бойынша оқушыларды таныстырып өтті. Әр топ әр кезең барысында өз белсенділігін көрсете білді. Қорытынды бойынша «Табиғат» тобы жеңімпаз болды.

2-сынып жетекшілері «Тазалық-денсаулық кепілі» тақырыбында сынып сағаттар өтті. Күнделікті таңертең дене жаттығуын жасау ,денеміздегі қан айналым денсаулықты жақсартатынын түсіндірді. Әрбір баланы спортқа деген қызығушылыққа бейімдеді.

14.09.22ж. Қосымша білім беру педагогы А.Болатбекова мен үйірме жетекшілері бірлесе келе оқушылар арасында «Салауатты өмір-денсаулық кепілі» тақырыбында сурет байқауын ұйымдастырды.Оқушыларға тақырып барысында бейне көріністер көрсетіліп, сұрақ-жауап арқылы талқылады. Мақал –мәтелдер айтып,мағынасы түсіндірілді. Оқушылар денсаулық барысындағы ойларын сурет арқылы көрсетті. Жеңімпаз оқушылар анықталып ,сыйлықтармен марапатталды.

15.09.22ж.күні Денсаулық күні мерекесіне орай «Салауатты өмір салтын сақтайық» тақырыбы арасында дене шынықтыру пән мұғалімдері Е.Дүйсенбекұлы мен Е.Төребеков флешмоб ұйымдастырды. Оқушыларға мақсаты түсіндірілді .Оқушылар флешмобқа қызығушылықпен қатысты.

**Шешім:**Адам денсаулығы -қоғам байлығы.Әрбір адам өз денсаулығының мықты болу жолдарын қарастыру керек екенін ұғынды.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Н.Есімхан

Сканировано с CamScanner

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде 9.09.2022 жылы өтілген іс-шараны қорытындылау

**ХАТТАМАСЫ**

**Күн тәртібінде:**

«Дені саудың – жаны сау» тақырыбындағы іс-шараны қорытындылау.

**Тыңдалды:**

9.09.2022 жылы қыркүйек айының екінші жексенбісі «Денсаулық күні» мерекесіне орай «Дені саудың – жаны сау» атты ұранымен спорттық іс-шаралардың жоспары жасалынып, мектеп директорымен бекітілді. «Денсаулық күні» мектеп ұстаздары мен оқушылары спорттық алаңына сапқа тұрғызылып, мектеп директоры Г.Айдарханова спорттық іс-шараларға қатысушыларды құттықтап, оқушыларды салауатты өмір салтын ұстауға, жеке бас гигиенасын сақтауға, дене шынықтырумен спортпен шұғылдануға мектеп партасынан-ақ жаман әдеттерден аулақ болып, өскен ортадан тек қана жақсы әдеттерді бойына сіңіруге шақырды. Іс-шара барысында мұғалімдер жаттығу жасап, волейбол, арқан тарту, ұзындыққа секіру және т.б. сол сияқты спорт түрлерін көрсетті. Дене шынықтыру пән мұғалімдерінің ұйымдастыруымен эстафеталық сайыстар өткізілді.

**Қаулы етеді:**

Іс-шара барысында спорттық шараға қатысушылар денсаулықтың адам өмір сүруі үшін аса қажеттілігін және оны сақтай білудің адам өміріндегі маңызыздылығын түсінді.

**Хатшы:** Усенбаева А.У.

Сканировано с CamScanner

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде «Денсаулық күні» мерекесіне орай ұйымдастырылған іс-шарадан көрініс









Сканировано с CamScanner

Түркістан облысы
Шардара қаласы
Адами Әлеуетті дамыту бөліміне қарасты №2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектеп

# Денсаулық-зор байлық!



**Дайындаған: Абишев Ж**

**Танабай М**

**2022-2023 оқу жылы**

Сканировано с CamScanner

**№ 2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде өткізілген «Денсаулық-зор байлық!» эстафеталық жарыстан көріністер**









Сканировано с CamScanner

«Бекітемін»
Мектеп директоры:
________ Г. Айдарханова

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде 2022-2023 оқу жылында Отбасы күні мерекесіне орай қыркүйек айының 12-16 аралығында өткізілетін республикалық «Отбасы-бақыт мекені» атты апталығының

**ЖОСПАРЫ**

| № | Іс-шара мазмұны | Өткізу формасы | Мерзімі | Қатысушылар | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Отбасы-бақыт мекені» апталығының ашылуы | жиын | 12.09.2022 ж | Сынып жетекшілер, оқушылар | ДТІЖО: Н.Есімхан М.Нурманова |
| 2 | «Отбасы бақыты» коллаж | | 13.09.22ж | 2-4 сыныптар | Тәлімгерлер Ж.Ермешова Д.Сарыбаева |
| 3 | «Бақытты отбасы – зорлық-зомбылықсыз әлем» | Дөңгелек үстел | 13..09.22ж | 1-4 сынып ата-аналары | Педагог-психолог: Ж.Мырзалиева О.Залова |
| 4 | «Менің берік отбасым» | Сурет көрмесі | 14.09.22 ж | 2-4 сынып оқушылары | КББП А.Болатбекова Үйірме жетекшісі: |
| 5 | «Құрметі-берік отбасының негізі», «Ана тілім-дана тілім» | Ашық тәрбие сағаты | 12-13.09.22 ж | МАДТ М.Алтынбекова А.Исламова 4«б» Г.Ахунбекова 4»в» К.Сабырова 3 «б» Г.Бохаева 3 «в» Д.Жунисова · сынып оқушылары | ДТІЖО: Н.Есімхан М.Нурманова |
| 6 | «Толағай» отбасылық спорттық сайысы | спорттық сайысы | 15.09.22ж | Ұйымдастырушы педагог А.Усенбаева А.Болатбекова | ДТІЖО: Н.Есімхан М.Нурманова |
| 7 | «Ата-ананы құрметтеу – әрбір адамның қасиетті борышы» | Эссе байқауы | 15.09.22ж | 4 сыныптар | КББП А.Болатбекова |
| 7 | «Отбасы-бақыт мекені» жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы «1-сынып ата-аналарына психологиялық көмек | жиын | 16.09.22 ж | Ата-аналар, сынып жетекшілер, пән мұғалімдері | Педагог-психолог: Ж.Мырзалиева Әлеуметтік педагог: Б.Қамбаева |

Дайындаған: ДТІЖО Н.Есімхан
М.Нурманова

Сканировано с CamScanner

№2 Ж.Жабаев бастауыш мектебінде 2022-2023 оқу жылында өткізілген «Отбасы күні» мерекесіне арналған іс-шаралар бойынша

# ХАТТАМА

Күні: 12- 16 қыркүйек аралығы

**Күн тәртібінде :** «Отбасы күні» мерекесіне арналған іс-шаралар
**«Отбасы –бақыт мекені»**

**Мақсаты;** Отбасы құндылықтарын түсіндіру,отбасы ұғымдарын кеңейту, отбасы өмірдің негізгі ұйытқысы екенін ,тәлімнің мәні туралы түсініктерін кеңейту.

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде 2022-2023 оқу жылында адами әлеуетті дамыту бөлімінің жоспарына сәйкес «Отбасы күні» мерекесіне орай 12-16 қыркүйек аралығында өткізілетін «Отбасы –бақыт мекені» тақырыбында апталықтың іс-шара жоспары бекітілді.

Жоспар бойынша 13.09.22ж. тәлімгерлердің ұйымдастыруымен 2-4 сынып оқушыларының арасында **«Отбасы бақыт»** тақырыбында отбасылық суреттерден коллаж жасалып, отбасылық қуанышты күндерге саяхат жасалды. Ата-аналар арасында психолог О.Залова мен Ж. Мырзалиева «Бақытты отбасы- зорлық зомбылықсыз әлем» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды.

12-13 қыркүйек аралығында МАДТ мен 2-4 сынып оқушылары арасында «Құрметі берік отбасының негізі» тақырыбында ашық тәрбие сағат өтілді. Сабақ барысында балалар тақпақ, ән айтып, сахналық қойылым арқылы бейне көрініс тамашалады отбасы- сыйластық, жарастық орнаған орта.Отбасы –бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы екенін ұғынды.

ҚББП А. Болатбекова 15.09.22ж. күні оқушылардың отбасы, жанұя туралы білімдерін шыңдай түсе ,отбасының құндылықтарының маңызын дәріптеу мақсатында 4-сыныптар арасында эссе жаздырды. Оқушылар отбасының негізгі қызметі баланы өмірге келтіру ғана емес, оның бойына көне заманнан келе жатқан ұлттық тәрбиенің сіңіру, қоғамға пайдалы жеке тұлға тәрбиелеу болып табылатындығын әңгімеледі.

16-қыркүйек күні «Мектеп пен ата-ананың ынтымақтастығы» тақырыбында мектепішілік ата-аналар жиналысы өтілді. Жиналыс барысында әлеуметтік педагог Б. Қамбаева «Отбасы- бақыт мекені» тақырыбында баяндама жасады.Әрбір ата –ана өз балаларымен байланысын нығайту керектігін айтып өтті. Мектеп психологтары О.Залова мен Ж.Мырзалиева 1-сынып ата-аналарына педагоикалық-психологиялық біліммен қамтамасыз ету –бүгінгі күннің талабы екендігін атап өтті.5-10 жастағы балалардың психологиялық мінез құлықтары жөнінде ата-анаға кеңес берді.Ата-аналардан сауалнама алып, қойған сұрақтарға жауап берді.

**Шешім: «Отбасы –бақыт мекені»** тақырыбындағы апталық өз дәрежесінде өтілді.Оқушылар отбасы –адамзаттың алтын ұясы , бала тәрбиесіндегі отбасының алатын орны ерекше екенін ұғынды.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Н.Есімхан

Сканировано с CamScanner

**«Отбасы бақыты» отбасылық суреттерден коллаж жасау**

**ХАТТАМАСЫ**

**Күн тәртібінде**

**Отбасылық суреттерден фото коллаж жасау**

«Отбасы» құндылығы туралы түсініктерді отбасы туралы ұғымдарды кеңейту, оны сүйе білуге, отбасы игілігі үшін талмай еңбек етуге үйрету;
отбасының негізі өмірдің ұйытқысы, киелі қасиетке ие болу сыры, отбасы тәлімінің мәні туралы түсініктерді кеңейту;
отбасы тәрбиесінің мән-маңызын ашып көрсете отырып, ұлттық салтты, дәстүрді түсініп, құрметтеуге баулу, алдағы өмірге даярлау
Отбасы адамға бақыт, толық мәнді тыныс - тіршілік әкеледі. «Үйлену оңай - үй болу қиын» дейді халық мақалы. Отбасының іргетасы ер азамат пен әйел адамның ақ неке қиып, отау тігуінен құралады. Отбасының басты қазығы, алтын діңгегі - бала. Баланың тәрбиелі жан-жақты болып өсуіне берекелі, өнегелі, ынтымақты отбасының ықпалы мол. Отбасы ата мен баланың, келін мен ененің және басқа да отбасы мүшелерінің жылы қарым-қатынасынан құрылады. Отбасы берекелі, тату болу үшін сыйластық, мейірімділік, жанашырлық, бауырмалдық қасиеттер әр адамның жүрегінен орын алуы керек. Отбасын құрғанда Адам өмірге ұрпақ әкеліп қана қоймай, сонымен бірге оған жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды, ата-бабасының салт-дәстүрін, жас ұрпақтың бойына сіңіртеді. Балаларын өздерін қоршаған ортаға және қоғамға пайдалы азамат етіп өсіру - ата-ананың ең маңызды міндеті.«Отан оттан басталады» дейді халқымыз. Елдің, ұлттың, жалпыадамзаттың болашағы, даму деңгейі осы отбасынан басталады. Сыйластық пен мейірімділік орын алған отбасы ешқашанда шайқалмайды. Болашақ Қазақстанның әрбір отбасы тату болса, еліміз де тату болады. Оқушылар отбасы құндылықтарын бойына сіңіре отырып, отбасылық фотосуреттерден фото коллаж жасады.

Нәтижесінде: Назарбай Орынкүл 3 «А» сынып оқушысының фото коллажы үздік деп танылды.

**Мектеп тәлімгері: Сарыбаева Д, Ермешова Ж**

Сканировано с CamScanner

«Отбасы бақыты» отбасылық суреттерден фото коллаж









Сканировано с CamScanner

Түркістан облысы

Шардара ауданы адами әлеуметті дамыту бөліміне қарасты

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі

# «Құрметі-берік отбасының негізі»



Дайындаған:Ажи[illegible] А.

2022-2023ж.

Сканировано с CamScanner

**№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде өткізілген «Құрметі берік отбасы» ашық тәрбие сағатынан көріністер**









Сканировано с CamScanner

**Түркістан облысы**
**Шардара қаласы**
**Адами Әлеуетті дамыту бөліміне қарасты №2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектеп**

# Ана тілім-дана тілім

**Дайындаған: Алтынбекова М**

**2022-2023 оқу жылы**

Сканировано с CamScanner

**№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде өткізілген «Ана тілім-дана тілім» ашық тәрбие сағатынан көріністер**













Сканировано с CamScanner

Түркістан облысы

Шардара қаласы

Адами Әлеуетті дамыту бөліміне қарасты

№2 Ж .Жабаев атындағы бастауыш мектебі

# Құрметі-берік отбасының негізі

**(тәрбие сағат)**

***Дайындаған : Бохаева Гулжаухар***

***2022-2023 оқу жылы***

Сканировано с CamScanner

# «Құрмет –берік отбасының негізі»







Сканировано с CamScanner

Түркістан облысы

Шардара қаласы

Адами Әлеуетті дамыту бөліміне қарасты

№2 Ж .Жабаев атындағы бастауыш мектебі

# *Отбасым-бақыт мекенім*

**(сынып сағат)**

***Дайындаған : Жунисова Д.***

Сканировано с CamScanner






Сканировано с CamScanner

**№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінің психологиялық қызметі**

# ХАТТАМА №1

**Күні: 16.09.2022ж**

**Мақсаты:** Ата-аналарға педагогикалық-психологиялық көмек беру.

**Қатысқандар:** мектеп директоры, орынбасарлары, педагог-психолог, ата-аналар, пән мұғалімдері, сынып жетекшілер.

**Күн тәртібінде**: Ата-аналарға педагогикалық-психологиялық біліммен қамту. Тәрбие жайлы. Білім сапасы. Әртүрлі мәселелер.

**Тыңдалды:**

Мектеп директоры Г.Айдарханова жалпы мектепішілік ережеге тоқталып, оқушылардың тәртібі әрдайым бірінші орында екенін атап өтті, Балаларға қатысты әртүрлі тақырыптарында сөз қозғады.

Мектеп психологы **О.Залова** ата-аналарға педагогикалық-психологиялық біліммен қамтамасыз ету - бүгінгі күннің талабы екендігін атап өтті. 5-10 жастағы оқушылардың психологиялық мінез-құлықтары жөнінде ата-аналарға кеңес берді. Ата-аналардан сауалнама алып, қойылған сұрақтарға жауап берілді.

ДТІЖ орынбасары Н.Есімхан мектептегі оқушылардың формасы жайлы айтып, осы уақытқа дейін атқарылған іс-шаралардан видеоролик көрсетіп, оқушылардың алған марапаттары мен жетістіктері туралы айтты.

**Қаулы:**

1. Оқушыларға сабақтан тыс уақытта, үйде ата-аналардың жиі бақылауы, дайындықтарын тексеруі тапсырылды.

2. Психологиялық көмек қажет болса, мектеп психологынын көмегіне жүгіну ескертілді.

**Педагог-психолог: О.Залова**

Сканировано с CamScanner

№2 Ж. Жабаев атындағы
бастауыш мектебінде
«Ата-ананы құрметтеу-
әрбір адамның қасиетті борышы»
тақырыбында өткен
эссе байқауының

**МӘЛІМЕТІ**

Мектебімізде 15.09.2022 оқу жылында «Ата –ананы құрметтеу-әрбір адамның қасиетті борышы» тақырыбында эссе жазудан байқау ұйымдастырылды. Байқаудың мақсаты: оқушылар бойынаата-анаға деген құрметін арттыру, жылылықты ұялату. Ата-анасының берген жақсы тәрбиелерін нәтижелі етуге үйрету,қоғамға жат қылықтардан сақтандыру. Ата-анасының адал да парасатты ұл мен қызы болуға тәрбиелеу.

Байқаудың нәтижесінде : 4 «Г» сынып оқушысы Мансұр Аяла I –орын,4 «Г» сынып оқушысы Жаханша Нұрайым II- орын және 4 «Ә» сынып оқушысы Салман Нұрайым III- орын иегерлері болып табылды.

Дайындаған: А.Болатбекова

Сканировано с CamScanner

**№2 Ж. Жабаев атындағы бастауыш мектебінде өткізілген «Ата-ананы құрметтеу ,әрбір адамның борышы» эссе байқауынан көріністер**





Сканировано с CamScanner

*Түркістан облысы*
*Шардара ауданына*
*№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі*

***«Тіл мәртебесі-ел мәртебесі» «Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің атасы және Тіл-рухани жаңғыру тірегі»*** *тақырыбындағы іс-шаралар*




*2022 -2023 оқу жылы*

Сканировано с CamScanner

«Бекітемін»
Мектеп директоры:
__________ Г.Айдарханова

**№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде 2022жылдың 5-15 қыркүйек аралығында тілдер мерекесіне орай, «Тіл мәртебесі –ел мәртебесі» «Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің атасы және Тіл –рухани жаңғыру тірегі»** тақырыбында өтетін онкүндіктің **жоспары**

| № | Іс-шара мазмұны | Күні | Әдісі | Орындаушы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің атасы» апталықтың ашылуы | 05.09.2022 ж | Салтанатты жиын | ДТІЖО. Н.Есімхан |
| 2 | «А.Байтұрсынов және қазақ қоғамы» 4-сыныптар арасында | 06.09.2022 ж | Эссе | ҚББП: А.Болатбекова |
| 3 | «Тіл мерейі, ел мерейі» тақырыбында шығармашылық жұмыс | 07.09.2022 ж | Қабырға газеттер байқауы | 2 сынып жетекшілері |
| 4 | «Ұлттың ұлы ұстазы-Ахмет Байтұрсынұлы» | 08.09.2022 ж | Ашық тәрбие сағаты | 4 «А» сынып Г.Жұмабаева<br>4 «Ә» сынып Г.Рүстембек<br>3 «А» сынып Қ.Парманова<br>3 «Ә» сынып А.Мамраймова |
| 5 | «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» | 09.09.22ж | **Мерекелік бағдарлама** Үш тілде мәнерлеп оқу сайысы | ҚББП А.Болатбекова<br>Орыс тілі пән мұғалімдері<br>Кумекова Қ.<br>Қамбаева Б.<br>Байсенгирова М.<br>Мәлікайдар М.<br>Ағылшын тілі пән мұғалімдері<br>Сайлауов Д.<br>Пайызова К.<br>Әбдіханиева М. |
| 6 | «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» | 12.09.22ж | сайыс | Тәлімгерлер Ж.Ермешова |

Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | А.Ажибекова |
| | «Ахмет Байтұрсынов шығармашылығы елге үлгі» | 13.09.22ж | Кітап әлеміне саяхат | Кітапханашы А.Усенбаева |
| 5 | «Дәуірдің жарық жұлдызы-Ахмет Байтұрсынұлы» | 14.09.2022 ж | Мерекелік бағдарлама | Ұйым.пед: А.Усенбаева Тәлімгерлер: А.Ажибекова Ж.Ермешова |
| 6 | «Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің атасы» апталықты қорытындылау. | 15.09.2022 ж | Салтанатты жиын | ДТІЖО. Н.Есімхан |

Дайындаған: ДТІЖО. Н.Есімхан

Сканировано с CamScanner

№2 Ж. Жабаев атындағы бастауыш мектебінде 2022-2023 оқу жылының 05-15 қыркүйек аралығында **« Тіл мәртебесі- ел мәртебесі»** » тақырыбында өткізілген онкүндіктің

## ХАТТАМАСЫ

**Күн тәртібінде:** «Тіл мәртебесі- ел мәртебесі» «Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің атасы және Тіл –рухани жаңғыру тірегі» тақырыбындағы онкүндік

**Мақсаты:** Жас жеткіншектер бойына халқының кадір-касиетін сіңіріп, өз анатілін жетік меңгеріп, ұшқыр да шешең сөйлеуге баулу , касиетті ана тіліін кастерлеуге, өкрметтеуге тәрбиелеу

**Күні:** 05-15қыркүйек аралығы

05.09.2022ж. күні директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Н.Есімхан салтанатты жиын барысында **«Тіл мәртебесі- ел мәртебесі» «Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің атасы және Тіл –рухани жаңғыру тірегі»**» атты апталықты оқушылар арасында ашып, оқушыларға онкүндік іс-шаралардың жұмыс барысымен таныстырып өтті.

16.09.2022ж. Қосымша білім беру педагогы А.Болатбекованың ұйымдастыруымен 4- сынып оқушылары арасында «А.Байтұрсынов және қазақ қоғамы» тақырыбында мағұлмат жасап, бейне баян арқылы, сұрақ-жауап қойып ойын жинақтап, эссе жаздырды. Оқушылар эссе жазуда белсенділік танытты.

07.09.2022ж. күні 2 сыныптар арасында «Тіл мерейі, ел мерейі» тақырыбында қабырға газеттер байқауы ұйымдастырылды. Байқау соңында оқушылардың шығармашылығы бағаланып,орындар берілді.

08.09.2022ж. күні «Ұлттың ұлы ұстазы-Ахмет Байтұрсынұлы» тақырыбында 4 «а», «ә», 3 «А», «Ә»сыныптарында ашық тәрбие сағат өтілді. Сабақ барысында түрлі әдіс арқылы, ойындарды пайдалана отырып ұлы ұстаздың өмірімен, шығармашылығымен жете танысып, білгендерін ортаға салды 09.09.22ж. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» тақырыбында үш тілде мәнерлеп оқу сайысынан мерекелік бағдарлама ұйымдастырылып, XXI-ғасыр көшбасшылық интелектуалды сайыс ойыны өткізілді, ойын 3 турдан тұрды:
I Полиглот

II. Кім тапқыр?

Сканировано с CamScanner

III. Сөз тапқанға қолқа жоқ тақырыбында  тапсырмаларды орындауда оқушылар белсенділік танытты. Әр бөлімде оқушылардың орындауында ән айтылды.

12.09.2022ж.Тәлімгерлердің ұйымдастыруымен «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» сайысы  өтілді.Мақсаты оқушылардың тіл байлығын  дамыту, тілге деген құрметті арттыру .Сайыс оқушылары  «Қыран», «Достар» тобы болып II топқа  топталды.
Шарты таныстырылды:
1.Таныстыру (әр топ өздерін таныстырады)

2. «1001 мақал» Қатысушылар мақал-мәтел айтудан жарысады.

3. «Мақал сөздің мәйегі» мақал жалғасын табу

4.101-жұмбақ (Жұмбақ шешу)
5. «Кім жылдам?» (суреттегі затты ымдап түсіндіреді, қатысушылар жылдам табу керек)  (Кітап оқу, Асық ойнау, Мода көрсету)
6. Көрерменмен ойын суретті қатыстырып мақал айту .
Әр топ шарт бойынша  белсенділік танытты. Сайыс соңында «Қыран» тобы жеңіске жетті.

13.09.2022ж. Кітапханада «Ахмет Байтұрсынов шығармашылығы елге үлгілі»  тақырыбында оқырмандармен кітап әлеміне саяхат жасады.Сұрақ-жауап арқылы оқушылар шығармаларымен бөлісті.

14.09.2022ж. Жас жеткіншектер бойына халқының қадір-қасиетін сіңіріп, өз анатілін жетік меңгеріп, ұшқыр да шешең сөйлеуге баулу , қасиетті ана тіліін қастерлеуге, өкрметтеуге тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырушы педагогтар А.Усенбаева мен Г.Абдугаппарова «Дәуірдің жарық жұлдызы – Ахмет Байтұрсынұлы» тақырыбында салтанатты  мерекелік бағдарлама ұйымдастырды. Іс-шара барысында мектеп директоры Г.Айдарханова барша ұстаздарды және оқушыларды айтулы мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді.  Өнерлі оқушылар жиналған қауымға әндерін, билерін, сахналық көріністерін және жыр шумақтарын арнап көтеріңкі көңіл -күй сыйлады.

Шешім: **« Тіл мәртебесі- ел мәртебесі»** » тақырыбында өткізілген онкүндік іс-шаралары өз дәрежесінде өтілді. Жас ұрпақ әрбір іс-шара барысында тілге деген сүйіспеншілікті, жанашырлықты, құрметті ұғына  білді.

Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары:  Н.Есімхан

Сканировано с CamScanner

№2 Ж.Жабаев атындағы
бастауыш мектебінде өткізілген
«А.Байтұрсынов және қазақ қоғамы»
тақырыбында өткізілген
іс-шараның

# МӘЛІМЕТІ

Қазақ ақыны, әдебиет зерттеушісі, ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы,қоғам қайраткері А.Байтұрсыновтың 150 жылдық мерей тойына байланысты мектебіміздің 4- сынып оқушылары арасында эссе жазудан байқау болды. Байқауға оқушылар ағартушы, ғалым туралы өз ой-пікірлерін жазды.Нәтижесінде :

I- орын 4 «Ә» сынып оқушысы Оразбай Айзере
II- орын 4 «Г» сынып оқушылары Лесбек Інжу, Өмірхан Асылназ
III- орын 4 «Ә» оқушысы Денбаев Әділбек және 4 «Б» сынып оқушысы Бақытқызы Дидар иемденді.

Дайындаған : Болатбекова А

Сканировано с CamScanner

**№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде Ахмет Байтұрсынұлының апталығында эссе жазудан көріністер**





Сканировано с CamScanner

Түркістан облысы
Шардара қаласы
Адами Әлеуетті дамыту бөліміне қарасты №2 Ж. Жабаев атындағы бастауыш мектеп

# Ұлттың ұлы ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы

## Тәрбие сағаты

Дайындаған : Мамраймова А.

2022- 2023 жыл

Сканировано с CamScanner

**Тіл мерекесіне өткізілген іс –шара**





Сканировано с CamScanner

Түркістан облысы
Шардара қаласы
Адами Әлеуетті дамыту бөліміне қарасты №2 Ж.Жабаев атындағы
бастауыш мектеп

# Ұлттың ұлы ұстазы–Ахмет Байтұрсынұлы




Дайындаған: Рүстембек Г

2022-2023 оқу жылы

Сканировано с CamScanner

«Ұлттың ұлы ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы» тақырыбында өтілген ашық тәрбие сағатынан көрініс







Сканировано с CamScanner

Түркістан облысы
Шардара қаласы
Адами Әлеуетті дамыту бөліміне қарасты №2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектеп

# Ұлттың ұлы ұстазы –Ахмет Байтұрсынұлы



**Дайындаған: Парманова Қ**

**2022-2023 оқу жылы**

Сканировано с CamScanner

# *Ұлттың ұлы ұстазы- Ахмет Байтұрсынұлы*








Сканировано с CamScanner

# Разработка на тему: «Язык – богатство народа»

Подготовила: Байсенгирова М

2021-2022 г.

Сканировано с CamScanner





Сканировано с CamScanner

**Түркістан облысы**

**Шардара қаласы**

**Адами Әлеуетті дамыту бөліміне қарасты**

**№ 2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектеп**




***2022-2023 оқу жылы***

Сканировано с CamScanner







Сканировано с CamScanner

«Тіл мәртебесі – ел мәртебесі», «Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің атасы және Тіл – рухани жаңғыру тірегі» тақырыбында өтетін онкүндік аясында өтілген «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» сайысы

ХАТТАМАСЫ

Күн тәртібінде:

1. Таныстыру әр топ өздерін таныстырады.
2. «1001-мақал» Қатысушылар мақал мәтел айтудан жарысады. (1 мин қанша мақал айтады соған қарап ұпай саны беріледі. )
3. «Мақал сөздің мәйегі» мақалдың жалғасын табу
4. 101 – жұмбақ (Жұмбақ шешеміз)
5. «Кім жылдам» (суреттегі затты ымдап түсіндіреді қатысушылар жылдам табуы керек) ( Кітап оқу, Асық ойнау, Мода көрсету.)
6. Көрерменмен ойын суретті қатыстырып мақал айту

Қатысушылар: «Қыран», «Достар»

Мерзімі «12.09.2022ж»

Сайысқа қатысушы әдәл қазы алқасымен таныса кетсек:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Есімхан Н

Таныстыру әр топ өздерінің топтарын, ұрандарын айтып таныстырды.

«1001-мақал» қатысушы топтар мақал - мәтел айтудан жарысады

«Мақал сөздің мәйегі» мақалдың жалғасын тауып оқыды.

101 – жұмбақ: Оқушылар жасырылған жұмбақтарды шешті.

«Кім жылдам» (суреттегі затты ымдап түсіндіреді қатысушылар жылдам табуы керек) ( Кітап оқу, Асық ойнау, Мода көрсету.)

Көрерменмен ойын суреттер көрсетілді сол суретті қатыстырып қатыстырып мақал - мәтелдер айту.

Шешім: «Қыран» тобы жеңіске жетті.

Тәлімгер: Сарыбаева Д, Ермешова Ж

Сканировано с CamScanner

**«Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» сайысынан көрініс**









Сканировано с CamScanner

Білім және ғылым министрлігі
№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі

# Дәуірдің жарық жұлдызы-Ахмет Байтұрсынұлы

**(мерекелік бағдарлама)**

**Дайындаған: А.Усенбаева**

**2022-2023 оқу жылы**

Сканировано с CamScanner

**Түркістан олысы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты №2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде 5-қыркүйек Қазақстан халықтарының Тілдер күні және «Ахмет Байтұрсынұлына - 150 жыл» толуына орай «Дәуірдің жарық жұлдызы-Ахмет Байтұрсынұлы» тақырыбында өтілген мерекелік бағдарламадан көріністер**










Сканировано с CamScanner

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде 14.09.2022 жылы 5-қыркүйек Қазақстан Республикасының Тілдер күні мерекесіне және Ахмет Байтұрсынұлына-150 жыл толуына орай «Дәуірдің жарық жұлдызы-Ахмет Байтұрсынұлы» тақырыбындағы мерекелік жиынды қорытындылау

**ХАТТАМАСЫ**

**Күн тәртібінде:**

«Дәуірдің жарық жұлдызы-Ахмет Байтұрсынұлы» тақырыбындағы іс-шараны қорытындылау.

**Тыңдалды:**

5-қыркүйек Тілдер күні мерекесі және Ахмет Байтұрсынұлына-150 жыл толуына орай «Дәуірдің жарық жұлдызы-Ахмет Байтұрсынұлы» тақырыбында мерекелік бағдарлама ұйымдастырылды. Іс-шара барысында мектеп директоры Айдарханова Гульнар Каражановна барша ұстаздарды және оқушыларды айтулы мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Мерекелік іс-шарада өнерлі оқушыларымыз жиналған қауымға әндерін, билерін, көріністерін және жыр шумақтарын арнап, көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

**Қаулы етеді:**

Іс-шара барысында оқушылар толықтай Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы қазақ әліпбиіне салған үлесі туралы мағлұматтар ала алды.

**Хатшы:** **Усенбаева А.У.**

Сканировано с CamScanner